

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 827 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 3 тамыздағы
N 827 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 873 қаулысымен .

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 873 қаулысымен .

3. "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қазандағы N 1064 қаулысында:

1-тармақтың 1) тармақшасында:

"Исекешев Әсет Өрентайұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, төраға;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әмрин Ғұсман Кәрімұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, төраға;"

"Комаров Геннадий Григорьевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Кадюков Николай Викторович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;"